

**Тарихи сатып алушылар арасында астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге 2015 жылға арналған импорттық квота көлемдерін бөлу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 400 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 мамырда № 11166 тіркелді

«Қазақстан Республикасының аумағына астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 маусымдағы № 616 қаулысымен бекітілген Астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге арналған импорттық квота көлемдерін сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында бөлу қағидаларының 14-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған тарихи сатып алушылар арасында астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге 2015 жылға арналған импорттық квота көлемдерін бөлу бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономикалық министрлігінің Сауда қызметін реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының  
Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі  
А. Мамытбеков

2015 жылғы 21 мамыр

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

экономика

министрінің

2015

жылғы

21

мамырдағы

№ 400 бұйрығымен бекітілген

**Тарихи сатып алушылар арасында астық жинау комбайндары мен астық жинау комбайндарының модульдерін әкелуге 2015 жылға арналған импорттық квота көлемдерін бөлу туралы**

Р / с №	СЭҚ қатысушысы	ЖСН/БСН	Әкелінген тауар саны, дана				Есептік кезеңде жалпы әкелу көлеміндегі СЭҚ қатысушысының тауар әкелу үлесі, %-бен	Өтінім берілген тауар саны, дана	Есептелген импорттық квота көлемі, дана
			Барлығы	Соның ішінде:					
				2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл			
1	«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы	991240000043	210	47	57	106	75,8	100	100
2	«ТехноЛизинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100840004834	66	8	41	17	23,8	33	33
3	«Канди Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	970940002900	1	1	0	0	0,4	4	4
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		277	56	98	123	100	137	137	